

Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1996 жылғы 13 маусымдағы N 276

1. Қазақстан Эксимбанкіне 1996 жылға арналған республикалық бюджетте халықаралық ұйымдарға жарналар төлеу үшін көзделген қаражаттан, Ислам Даму Банкінен алынған акция құнының бірінші бөлігін төлеуге 3 (үш) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдан бастап республикалық бюджеттің жобаларын әзірлеген кезде Ислам Даму Банкінен алынатын акциялар құнын төлеуге қажетті қаражатты қарастырсын.

Премьер-Министр